



# Мұнайлы

Газет 2009 жылдың  
01. мамырынан  
шығады



«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының газеті

№05 (68), маусым, 2015 жыл

# ӨЛКЕ



## ЕЛБАСЫ МАРАПАТЫ

22 мамыр күні «Нұр Отан» облыстық партия филиалының ғимараты мәжіліс залында Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын ұйымдастыруға және өткізуге атсалысқан бір топ азаматтарды «Нұр Отан» партиясы Маңғыстау ОФ төрағасының бірінші орынбасары Х.Х.Нұрғалиева Алғыс хатпен марапаттады.

Солардың ішінде, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың алғыс хатымен әріптестеріміз «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Бақыт Иманбаев марапатталды. Алғыс хатта: «Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауында менің сайлау науқанымға белсенді қатысқаныңыз үшін Сізге алғысымды білдіремін. Өзімің жеңісімді мен біздің ортақ табысымыз әрі «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы мен «Қазақстан – 2050» стратегиясында белгіленген ел дамуының ұзақ мерзімді басымдықтарын одан әрі ұтымды жүзеге асыруға арналған бағытты қолдау деп қабылдаймын. Сізге және Сіздің туған – туыстарыңыз бен жақындарыңызға зор денсаулық, табыстар мен игілістер тілеймін»-делінген.

Сондай-ақ Президент Алғыс хатымен әкімшілік мәселелер және әлеуметтік даму департаменті әлеуметтік мәселелер бөлімінің бастығы, «Нұр Отан» партиясы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бастауыш ұйымының төрайымы Қымбат Иманқұлова да марапатталды.

Еске сала кетейік, 26 сәуірде елімізде Қазақстан президентінің кезектен тыс сайлауы өтті. ОСК мәліметі бойынша, қазақстандықтардың 95 пайызы сайлауда дауыс берді, ал «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бойынша Нұрсұлтан Назарбаевқа мұнайшы сайлаушылардың 99,3 пайызы дауыс берді.

## КЕҢЕСІП ПІШКЕН ТОН КЕЛТЕ БОЛМАС

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директорының бірінші орынбасары Б. Иманбаев бастаған компания басшылығы қоғамға қарасты көлік департаменті қызметкерлері мен сатып алу және материалдық-техникалық қамту департаментіне қарасты орталық өндірістік қамтамасыз ету қызметінің қызметкерлерімен кездесулер өткізді.

Кездесу барысында аталған ұжымдар қызметкерлері тарапынан еңбек жағдайы, ұжымдық шартқа сай әлеуметтік жетілдіктер, атап айтқанда, жылдық өндірістік көрсеткіш негізінде берілетін бонустардың көлемі туралы туындаған мәселелерге түсініктемелер берілді.

Басқарма мүшелері Қоғамның қазіргі таңдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен болашаққа жоспары жөнінде мәліметтер берді. Қоғам Басқармасының қабылдайтын кез-келген шешімі ең алдымен қарапайым қызметкерлердің мүддесін қорғайтыны айтылып, сыртқы экономикалық факторлардың мекеме қызметіне әсері жөнінде сөз қозғалды.

Кездесуді қорытындылаған Басқарма мүшесі Б.Иманбаев компания басшылығы қызметкерлерді мазалаған кез-келген сұрақтар бойынша кездесулер өткізіп, ашық талқылау жүргізуге ардайым дайын екендіктерін жеткізді.

Новые технологии - в производстве!

## СИТУАЦИЯ ПОД КОНТРОЛЕМ!



Сегодня уже невозможно представить повседневную жизнь без современных информационных технологий и средств телекоммуникаций, представляющих принципиально новые возможности. В настоящее время для рационализации управленческих процессов на предприятиях все активнее применяются различные программные средства, предназначенные для полной автоматизации управления производством. Сотрудник, эффективно владеющий технологиями и информацией, имеет другой, новый стиль мышления, принципиально иначе подходит к оценке возникшей проблемы, к организации своей деятельности. На днях в головном офисе АО «Маңғыстаумұнайгаз» состоялась презентация Ситуационного центра – высокотехнологичной программы, позволяющей повысить эффективность производственных процессов, оперативно контролировать и реагировать на возникающие отклонения при эксплуатации автотранспорта, при проведении работ по бурению и ремонту скважин, а также выявлять проблемные ситуации на месторождениях Компании.

Решение о создании Ситуационного центра было принято Правлением Общества. Центр представляет собой помещение, оснащенное компьютером и большим экраном, с необходимым программным обеспечением. За монитором несет круглосуточное дежурство оператор (сотрудник Службы Безопасности), который в режиме реального времени, наблюдает за всеми производственными процессами. В любой момент оператор может вывести картинку с монитора компьютера на большой экран и в зависимости от ситуации, принять необходимые меры. Аналогичные Ситуационные центры открылись на месторождениях Каламкас и Жетыбай.

Создание и развитие Ситуационного центра – это целый комплекс мероприятий, главная цель, которых значительно повысить эффективность производственных

процессов Компании, - рассказывает начальник отдела инженерно-технической защиты и пропускного режима Службы Безопасности Олег Обижав. – На первом этапе внедрен GPS – мониторинг автотранспортных средств АО «Маңғыстаумұнайгаз» и ТОО «ОТК». Данная система позволит отслеживать и анализировать движение машин в режиме реального времени, включая точное местоположение автомобиля, его скорость, расход топлива, остановки, пробег, соответствие маршруту и т.д. Кроме того, с помощью GPS – мониторинга, можно наблюдать за техническим состоянием транспорта, в случае поломки автомобиля, оперативно отправить на место происшествия группу техпомощи. Например, в АО «Өзенмұнайгаз» только за 1 год благодаря системе GPS мониторинга удалось сэкономить миллионы тенге. В нашей компании система GPS – мониторинга с 20 мая работала в тестовом режиме и за одну неделю было выявлено более 100 нарушений (нарушение скоростного режима, отклонение от маршрута и т.д.). С 1 июня GPS – мониторинг запущен в плановом режиме.



Еще одно ноу-хау Ситуационного центра – это контроль за работами по бурению и ремонту скважин. По словам начальника отдела информационных баз данных ДАИТС Адыля Абылкаликова, оператор в режиме реального времени ведет мониторинг таких параметров как нагрузка на крюк,

давление промывочной жидкости, давление в гидросистеме, число оборотов ротора, выход бурового раствора, скорость спускоподъемных операций. Можно в онлайн-режиме наблюдать текущие работы проводимые буровыми бригадами. В настоящее время ведется мониторинг четырех буровых бригад, в ближайшей перспективе добавится мониторинг еще двух бригад КРС/ПРС. Кроме того, будет внедрена система видеонаблюдения, что позволит вести оперативный контроль работ буровых бригад, в частности, будет известно сколько человек заступили в смену, состав бригады, объем выполненной работы и т.д.

Первый заместитель Генерального директора АО «Маңғыстаумұнайгаз» Бақыт Иманбаев высоко оценил возможности и перспективы Ситуационного центра, и поблагодарил всех сотрудников, участвовавших в его создании и запуске: «Это реально сыграет хорошую роль в экономике АО «Маңғыстаумұнайгаз». В будущем при проведении тендеров, в техзадании нам надо ставить условие, чтобы все автотранспортные средства были оснащены системами GPS, адаптированными под нашу программу. Проледана огромная работа, в такой непростой момент мы запускаем серьезный проект и необходимо, чтобы все наши работники знали о создании подобного центра, потому что это большая ответственность. Все водители должны быть проинформированы, что движение автомобиля, его скорость, расход топлива, маршрут – за всеми этими параметрами ведется контроль. Что касается программы онлайн-контроля работ по бурению и ремонту скважин, теперь мы всегда сможем обезопасить себя при подписании документов с нашими коллегами из подрядных организаций. От себя хочу добавить, что Правление не будет жалеть средств на закуп дополнительного оборудования и техники, главное чтобы Ситуационный центр теперь реально работал и доказывал свою эффективность».



## НАЗНАЧЕНИЯ



**15.04.2015 г.** заместителем генерального директора по экономике и финансам АО «Мангистау-мұнайгаз» назначен Асабаев Мурат Түрмұратович.

Асабаев М.Т. родился 6 августа 1980 года, в Атырауской области в семье потомственных нефтяников.

Образование высшее: окончил Жанаозенский нефтяной техникум с отличием по специальности «Бухгалтер» (1995-1998 годы), Актауский университет им.Ш. Есенова с отличием по специальности «Экономист» (1998-2002 годы), Актауский университет им.Ш.Есенова по специальности «Горный инженер» (2002-2005 годы).

С 2014 года обучается в Российской академии народного хозяйства при Президенте Российской Федерации проходит обучение *Executive MBA* «Евроменеджмент - Мастер делового администрирования».

Трудовую деятельность начал в 2002 году с должности главного специалиста Атырауского областного управления Казначейства.

В нефтяной отрасли работает с 2003 года: прошел путь от слесаря 3-го разряда ПФ «Озенмұнайгаз» НГДУ №3 до руководителя экономической службы ПФ «Озенмұнайгаз» НГДУ №3;

В 2011-2013 годах - заместитель директора по экономике и финансам ТОО «Кен-Курьлыс-Сервис» ДЗО АО «РД КазМұнайГаз» (строительные и монтажные работы, нефтяные производственные объекты);

В 2013-2015 годах - Заместитель генерального директора по экономике и финансам ТОО «АқтауНефтеСервис»;

С апреля 2015 года - заместитель генерального директора по экономике и финансам АО «Мангистау-мұнайгаз».

Женат, воспитывает 4-х детей.



**01.06.2015 года** заместителем генерального директора по разведке и приобретению активов АО «Мангистау-мұнайгаз» назначен Умбетияров Аскар Беркингалиулы.

Умбетияров А.Б. родился 8 июля 1964 года в Атырауской области.

Окончил Нефтяной факультет Казахского Политехнического института им. В.И. Ленина по специальности геология нефти и газа.

1982-1994 гг. - лаборант, техник, инженер в Центральной научно-исследовательской лаборатории ПО «ЭмбаНефть».

1994-2000 гг. - геолог I категории геологической службы, начальник геологического отдела Атырауского управления по повышению нефтеотдачи пластов и капитальному ремонту скважин ОАО «Эмба-мұнайгаз».

2000-2003 гг. - главный геолог НГДУ «МакадНефть» ОАО «Эмба-мұнайгаз».

2003-2004 гг. - главный геолог Атырауского управления по повышению нефтеотдачи пластов и капитальному ремонту скважин ОАО «Эмба-мұнайгаз».

2004-2005 гг. - главный геолог НГДУ «Кайнар-мұнайгаз» ПФ «Эмба-мұнайгаз».

2005-2012 гг. - главный менеджер, старший инженер АО МНК «КазМұнай-Тениз».

2012-2015 гг. - эксперт АО НК «КазМұнайгаз».

С июня 2015 г. - заместитель генерального директора по разведке и приобретению активов АО «Мангистау-мұнайгаз».

Женат, воспитывает 2-х детей.

## ДИНИ САУАТСЫЗДЫҚ - ДИНИ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ БАСТАУЫ

14 мамыр күні облысымызда өткізіліп жатқан діни экстремизм көріністерінің алдын-алу және терроризм қатерлеріне жол бермеу шараларына сәйкес «Мангистау-мұнайгаз» АҚ акт залында жергілікті телеканал мен мерзімді басылым өкілдері қатысқан жиналыс болып өтті.

Жиынды Қауіпсіздік қызметінің бөлім бастығы Панабердиев М.А. ашып, терроризмнің жаһандық дертке айналған маңызды мәселе екенін жеткізді. - «Ол ұлтты да, нәсілді, жынысты да таңдамайтын аса қауіпті дерт. Сондықтан оның алдын алу, оған жол бермеу біздің - басты міндетіміз», - дей келе, сөз кезегін облыстық «Бекет Ата» мешітінің Бас

имамы Смайыл Сейтбеков қажыға берді.

Ол: «Мұсылман дінінде бір адамның қанын төгу бүкіл адамзатқа қол жұмсаумен бірдей. Дәстүрлі ислам дінінің терроризм, экстремизммен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мазһабын ұстанамыз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген. Дін атын жамылып арам пиғылдарын іске асырмақ болып жатқан экстремистер мен ланкестерге қарсы тұру баршамыздың ортақ міндетіміз, әрі мүддеміз. Бұл міндетті іске асыруға жолы ұлт болып, халық болып бір сапта, бір шепте тұрып, біріге күрес жүргізуіміз керек», - деп сөзін аяқтады.

Кезек сұрақтар бөліміне келгенде қызметкерлер өте белсенділік танытып, бұл тақырыптың өзектілігін аша түсті. Еліміздің болашағы үшін маңызды бұл мәселенің шешімін табу үшін бірігіп, қол жинап, жоғарыға жеткізейік, жат ағымда жүргендерге тікелей тыйым салайық деген ұсыныстар да орын алды.

Бұдан кейін Басқарма Кеңесісі Корнаков А.В. сөз алып, Компанияда осы бағытта жасалып жатқан жұмыстардың барысымен таныстырып өтті.

Жиын соңында қызметкерлер үшін экстремизмге қарсы бейнематериалдар көрсетілді.

## МӘСКЕУДЕН - ЖҮЛДЕМЕН!

6-маусым күні Мәскеу қаласында Ф.Ф. Черенков атындағы «Спартак» футбол Академиясы алаңында кіші футболдан дәстүрлі салаларалық «ФИНАМ Кубогі» турнирі өтті.

«ФИНАМ Кубогі» - Ресей Федерациясының «РУСПОРТИНГ» компаниясы мен «Финам» инвестициялық холдингі қолдауымен өткізілетін корпоративтік командалар арасындағы спорттық мереке. Ірі футбол жарыстарын ұйымдастыру бағытында аса тәжірибелі кәсіби төрешілер тобы төрелік ететін, ұйымдастырушылық деңгейі жоғары аталмыш турнир әркілі экономика секторында кенінен танылған. Өйткені турнир кіші футболды кеңінен насихаттау арқылы компания қызметкерлерінің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатын көздейді.

Былл үшінші рет өтіп отырған халықаралық доғаға 20 әуесқой футбол командасы қатарында «Мангистау-мұнайгаз» акционерлік қоғамының қызметкерлерінен жасалған футбол құрамасы да бақ сынап қайтты. 2 күнге созылған турнирде компаниямыздың



намысын қорғаған «Мангистау-мұнайгаз» құрамасы жеті кездесу өткізіп, ширек финалда ресейлік «Рост-Телетот» командасын жоғары ұпаймен жеңіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

Аяқ доп шеберлерінің аламында өз

басымдықтарын байқатқан біздің команда «ФИНАМ Кубогын» жеңіп алды, алғыс хат пен бағалы сыйлықтарына ие болды. Сондай-ақ турнирдің біздің әріптестеріміз «ен үздік қақпашы», «ен үздік бомбардер» атақтарын еншіледі. Компания қауіпсіздік қызметінің техникі Тевеев Рахымжан қарсыластар қақпасына ең көп гол соғып, турнирдің «Ен үздік бомбардері», «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасының геологы Ходжаев Бауыржан «Ен үздік қақпашы» танылды.

«Мангистау-мұнайгаз» құрамасы бұған дейін де Түркияда өткен жарыста жақсы өнер көрсеткен еді. Алдағы уақытта компаниямыздың беделі мен намысын жоғары долларда қорғап, үлкен жетістіктерге жететініне сенеміз. Осы турнирге баруымызға қолдау көрсеткен «Мангистау-мұнайгаз» АҚ Басқармасы - Сунь Синьюнь мен Б.Иманбаевқа және «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасы кәсіподақ ұйымының төрағасы Т.Мысамбаевқа алғыс айтамыз», - дейді спорт жөніндегі жетекші маман С.Темірхасов.

## ЖАСЫЛ АЛАҢ ЖАМПОЗДАРЫ



Компания мұнайшыларының жетістіктерінің санамаласақ, салауатты өмір салтын насихаттау бағытындағы табыстарын да айту орынды. Спорт, өнерді бағалайтын әріптестеріміз де «Мангистау-мұнайгаз» акционерлік қоғамының абыройын додалы жарыстарда асырып жүр. Өткен айдағы ұжымымызда болған елеулі оқиғаның бірі - Жетібай-мұнайгаз өндірістік бірлестігі жанынан құрылған футбол командасының құрылғанына 30 жыл толуы.

Футболды сүйетін мұнайшылардың басын біріктірген команда 1985 жылы сол кездегі мекеме басшысы Максұт Боранбаевтің қолдауымен құрылған болатын. 30 жыл ішінде олар аудандық, облыстық, қалалық, халықаралық жарыстарға қатысып, жоғарғы жетістіктерге қол жеткізді. 2008 жылы Ақтау қалалық I лига біріншілігінің жүлдесіне ие болып, жоғарғы лигаға

шықты. Бүгінде жетібайлық футболшылар кез келген бәсекелеспен тайталасқа түсе алатын азулы команда. Мұнай өндірісінің қауырт қызметінен кейін ала доппен алаңға шығатын әріптестеріміздің алды осы күні еңбегі сінген ардагер, соңы өндірдей жастар.

Ұжымда қалыптасқан дәстүрді, ұрпақтың сабақтастығын ұлықтау



мақсатында команданың 30 жылдығына орай жетібайлықтар «Мангистау-мұнайгаз» акционерлік қоғамы еңбек ұжымдары және ауыл командалары арасында футболдан жарыс өткізді. Шары алаңдағы доғаға «ММГ» АҚ, «Жетібай-мұнайгаз», «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармалары,

«Жетібай», «Құрық», «Мұнайшы» футбол командалары шықты.

Тартысты өткен жарыста 1-ші орынды «Жетібай» футбол командасы иеленді. «Құрық» футбол командасы 2-ші орынға тұрақтап, «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ мұнайшыларының футбол командасы 3-ші орынды қанағат тұтты. «Үздік қақпашы» номинациясын «ММГ» футбол командасының қақпашысы Элубаев Нұрлыбай иеленді.

Спорт мерекесінің соңында команда аудан әкімдігінің, әріптестердің алғыс хаттарымен, мерекелі сыйсиятына ие болды. Жетібайлық мұнайшы-футболшылар «Мангистау-мұнайгаз» акционерлік қоғамы Басқармасының сыйлаған арнаулы, кәсіби спорттық формасын қуанышпен қабылдады. Мерекелі жарысты ұйымдастырып, өткізуге ұйытқы болған 30 жыл бойы «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ футбол командасы құрамында ойын көрсетіп, жетекшілік еткен, қазір «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ кәсіподақ ұйымының төрағасы Тарғын Мысамбаев және 2007 жылдан бергі басқарманың спорт нұсқаушысы Б.Қылас Жарылғасовқа әріптестерінің алғысы шексіз.





# ЕРЛІК ӨШПЕЙДІ, ЕР ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

## Тағзым

6 Мамыр күні Жеңіс күнінің құрметіне орай «Манғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Б. Иманбаев бастаған



компания басшылығы соғыс және тыл ардагерлермен «Мәңгілік алаға» гүл шоқтарын қойды, майдангерлер рухына тағзым етті.

Кездесу мекеме басшылығы мен ұжымының атынан «Victoria» қонақ үйінің мейрамханасында ардагерлерге арналып жайылған, әуезді әнмен әшекейленіп, күмбірлеген күймен көмкерілген мерекелік дастархан жалғасты.

## Жастың тілегі, үлкеннің батасы қабыл

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай «Манғыстаумұнайгаз» АҚ жанынан құраған Жас мамандар кеңесі мүшелерінің мерекенің мерейін арттырып, ел үшін қан кешкен жауынгерлердің ерлігін ұлықтау, насихаттау мақсатында облыс жастарына «Өзім үшін және сол боздақ үшін» деп тастаған Үндеуін бүкіл компания мұнайшылары бірауыздан қолдады.



«Манғыстаумұнайгаз» қоғамы есебіндегі 7 Ұлы Отан Соғысының және 63 тыл ардагерін қамқорлау мақсатындағы ізгілікті іске қатысқан мұнайшылар бір күндік сәбәкәшарынан Жеңісті жақындатқан жандармен бөлісті.

Қайырымдылық көмекке жиналған

қаражат есебінен әр Ұлы Отан ардагеріне 100 мың теңгеден, аз қамтылған, күтушісі жоқ еңбек майданының ардагерлеріне 50 мың теңгеден, барлығы 900 мың теңге көлеміндегі қаражат үлестірілді. Бір айта кетерлік жайт,



бұл акционерлік қоғам биыл да жылдағы дәстүр бойынша әр ардагерге компания есебінен де Жеңіс күні қарсаңында қаржылық демеуіне қосымша көрсетілген көмек.

Мереке қарсаңында жас мұнайшылар Өтеген Өзденбаев, Қамқа Ұмбеталиқызы, Виктор Васильевич Нечаев, Қайыр Қыдырбаев, Жетібай кентіндегі Қалыбаев Шарқатбай, сондай-ақ кәсіпорын іргетасын қалаған Семкина Екатерина Семеновна, Коробельникова Надежда Ивановна, Скороход Николай Григорьевич сынды асыраушысы жоқ ардагерлердің отбасына барып, компания мұнайшыларының мерекелік сәлемі мен қаржылық көмегін табыс етті. Кейінгі ізбасар буының құрметі мен қайырымдылығына тебіренген қариялар көздеріне жас алып, ізгілікті іске аталысқан барлық мұнайшыларға алғыстарын жеткізді. «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының операторы Берік Айдаровтың орындаған әндері, жастардың шағын көрсетері мерекелік көңіл сыйлап, көңілдерін көтерді.

## Ардагерге қамқорлық

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы аясында «Манғыстаумұнайгаз» АҚ Жас мамандар мамандар Кеңесі жыл басынан бері «Үлкенге құрмет – жасқа міндет» жобасы аясында қайырымдылық шараларын ұйымдастырып, сауапты іске мұрындық болды. Қариялардың мұн-мұқтажын тыңдап, оларды шешу бағытында нақты шаруаларды қолға алған

болатын. Жалғызділікті қарттардың тұрмыс жағдайын жақсарту, мерекені жаңартып, сынғырлаған таза пәтердің төрінде отырып, қарсы алғысы келген армандарын орындауға жұмылған компанияның жас мамандардың

қағылез, жанашырлықтарына ардагерлер де, естіген елде сүйсінулі.

Ертеліп жұмыс бастаған жастар мен құрылыс департаментінің құрылысшылары айқан серттеріне, берген уәделеріне тұрды. Ұлы Отан Соғысы ардагерлері Өтеген Өзденбаев, Қамқа Ұмбеталиқызы, Виктор Васильевич Нечаев күрделі жөндеуден өткен, бастан-аяқ жаңырган жарқыраған таза үйдің төрінде қонақтарын қабылдады. Мереке күндері сый-сияпатпен шаңырақтарында болған орай «Манғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының орынбасары Жетібай Төлегожаевқа, жұмыстарға басшылық жасаған ҚҚД бөлім бастығы Бағыт Нұрғалиев пен Нұржамал Тлеукабыловалардың атына қуаныштарын жеткізіп, толқып алғыс білдірді.

Қуаныш, шүкіршілік ететін жайт, ізге ерген ұрпақтың бойындағы ата-бабадан мирас болған, қазаққа ғана тән бауыр-малдық, мейірім деген қасиеттің, «қанына тартпағанның қары сынысы» дейтін бабалар сертінің сарқытының өшпей, өркен жайғаны. Сынаптай сырғыған, аласапыран заманның салқынынан, ақпарат-тардың майданынан қазақи төрбенің биік тұрғанына қарап, мемлекетінің ертеңі жауапты ұл мен қыз үшін еріксіз қуанасын. Ардагерлердің үйінде жүріп жатқан жөндеу жұмыстары жастар үшін нағыз үлкен істің басында білек біртүгіруге үндеді. Күні-түні хабар алып, құрылыс материалдарын тасып, өкіетек шаруаның қамында жүрген олар біткен шаруаның нәтижесіне қариялардан бетер қуанды.

Өтеген атының үйін жаңа жиназдармен жаңартып, ақсақалдың батасын алды.

«Өрине, аталған шаралардың еш бірі майдангерлеріміздің бейбіт те бақытты өмір сыйлаған ерлігінің, елге сіңірген еңбегінің есесін қайтара алмасы анық. Дегенмен, біз – жас ұрпақ, осы бағыттағы шаралардың қатарын одан әрі арттыра түсіп, арыстарымызды жылына бір рет Жеңіс күні тұсында ғана еске алмай, жыл бойы назардан тыс қалдырмай, көңілдерін аулап, құрметтеуді қарапайым өмірде де дағдыға айналдырумыз қажет» - дейді компания жас мамандар Кеңесінің мүшесі, Қаламқас кенорнындағы жастар жетекшісі, жөндеу жұмысына жауапты болған Абдислан Наурызбаев.

Жастың тілегі, үлкеннің батасы қабыл. Мұқағали ақын жырлағандай соғыстың қасіретін көзбен көрген, бейбіт өмірдің қадірін шын түсінген қарияларымыздың бірі келместің кемесіне мінсе, енді бірі «... бірі



күтіп, әнекей жағада тұр» ... сондықтан, бейбіт өмірдің ризығын терген бүгінгі ұрпақтың абзал міндеті – майдангерге қамқорлық болып қала бермек.

## Ақ тырнаға айналған рух

Ұлы Жеңістің 70-жылдығына орай, 9 мамыр күні Жас мамандар кеңесі бастамасымен «Рухың сенің ақ тырнаға айналған» флешмобы өтті.

Шараға облыстағы мұнай компанияларының жастары, облыстық жастар ресурстары орталығының белсенділері және биыл мектеп бітіруші қала мектептерінің түлектері, барлығы мыңға тарта өрендер



қатысты.

Ақтау қаласындағы Н.Жантөрин атындағы драма театрының алдындағы алаңда жастар бір сағат тұрып, майдан даласында қалған жауынгерлердің рухына жазылған Р.Гамзатовтың «Ақ тырналар» әнінің әуенімен аспағна 500 шар ұшырды.

Қастерлі жеңістің қадірін ұлықтап, ұрпаққа мұра боп қалған ерлік пен елдікке, халқымыздың тарихына адал жастардың, тәуелсіз елдің ұландарының жобасы қала тұрғындарына зор әсер сыйлады.

## Құрметті

### «Манғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы!

«Манғыстаумұнайгаз» АҚ жанынан құрылған Жас мамандар кеңесі Отан үшін от кешкен ардақтыларымыздың алдындағы перзенттік борышымызды өтеуге бағытталған. «Өзім және сол Боздақ үшін» бастамасын бір кісідей қолдап, ат салысқандарыңызға барлық жастардың атынан алғыс айтамын.

Құрметпен,

Жас мамандар кеңесінің төрағасы Б.Х.Ходжаев

## ПАМЯТЬ ОСТАЕТСЯ С НАМИ

Вот уже семь десятилетий День Победы служит крепкой, неразрывной нитью между нынешним поколением, и поколением фронтовиков, ратных труженников, победителей. Сколько бы не прошло лет, сколько бы слов, полных благодарности и любви, не прозвучало, молодое поколение всегда будет в вечном долгу перед ветеранами.

Один из тех, кто ковал Великую Победу – наш земляк, ветеран войны и труда, известный геолог - Виктор Васильевич Нечаев.

После окончания войны Виктор Нечаев проработал почти 40 лет в нефтяной отрасли, до самого ухода на пенсию в 1990 году. Накануне Дня Победы по инициативе Совета молодых специалистов, при финансовой поддержке АО «Манғыстаумұнайгаз» была полностью отремонтирована квартира ветерана. Кроме того, от лица работников Компании каждому

фронтовику вручили по 100 000 тенге.

- Большое спасибо всему коллективу родного АО «Манғыстаумұнайгаз», за поддержку и заботу, а самое главное – за внимание! – говорит Виктор Нечаев. – Двери Компании всегда открыты для нас, нас помнят, ценят и уважают, а это очень дорогого стоит. Вы знаете, в этом году 7 мая я был на Параде Победы в Астане. Парад мне очень понравился. Я смотрел на молодых солдат и вспоминал свою фронтовую молодость. Праздничные встречи, чаепития для участников войны и труженников тыла были очень душевными, в адрес ветеранов звучало немало теплых слов и пожеланий. В свою очередь, мне от себя хочется пожелать, чтобы сегодняшнее поколение никогда не испытало ужасов войны, чтобы молодые казахстанцы жили под мирным голубым небом, спокойно трудились во благо развития и процветания нашей Родины!



В.В.Нечаев (в центре) 7 мая 2015 г., Астана.





# БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ - ЕҢБЕКТЕ



Бүгінде еңбек әулеттеріне, олардың жүріп өткен данқты жолына республика деңгейінде айрықша назар аударылууда. Өйткені жас толқынның рухын пынықтыратын, жақсылыққа баулытын тәрбие қайнары, нағыз құндылықтар осында жатыр. Мәселен, Ұлттық компаниялар құрамына кіретін «Самұрық-Қазына» қоры қазірде шежірелі тарихы бар, отбасылық дәстүр сабақтастығын үзбеген өнегелі әулеттерді жыл сайын елорда төріне арнайы шақырып, еңбектерін бағалап, ұлықтауды дәстүрге айналдырған.

Еліміздегі жүзден аса кәсіпорынның басын біріктіріп отырған «Самұрық-Қазына» компаниялар тобы мұнай мен көлік саласында, атом өнеркәсібі мен телекоммуникациялық салаларда жетекші орында. Қазіргі таңда Қор құрамындағы компанияларда ұзын саны жүз мыңнан астам адам еңбек етуде. Олардың ішінде компаниялардың баға жетпес ресурсын, тұрақтылықтың көрсеткіші, абырой мен табыс индикаторына айналған – еңбек династияларын ерекше атап өткен жөн.

Майлықиян Маңғыстаудың қойнауынан қара алтын өндіріп, оны қайманна қазақтың ырыздығына айналдырып жүрген мұнайшылар өлкемізде аз емес. Осындай мерейлі отбасылардың бірі «Еңбек түбі береке» деп білген мұнай саласының өкілдері – Бижановтар отбасы. Бұл отбасындағы мұнайшылардың жалпы еңбек өтілі 163 жылдан асып кетеді. Әулеттің негізін қалаған Әлім Бижанұлынан тараған үш буын да қазіргі кезде «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында жұмыс істеп жүр.

Әулеттің мұнай тарихының басында тұрған Әлім Бижанұлы 1919 жылы Атырау облысында туылған. Екі ағасы соғысқа аттанған. Ал, өзі 1939 жылы ең алғаш еңбек жолын бұрғылау жабдықтарын құрастыратын маманы ретінде алынып, кейін қызмет бабымен Маңғыстау облысына ауысады. Бүгінде бұл мұнайшылар отбасының кен орын барлаудан бастап, топырақты көмірсутегінен тазартуға дейінгі барлық күрделі салалардың барлығында да қолтаңбасы бар.

«Жаңаның береке-бірлігі – әр сабадидің, әр баланың болашақ қадамы. Өйткені, ұяда не көрсен, ұшқанда соны



ілесің деген сөз бар. Отбасы – ол да бір шағын ғана мемлекет. Біздің отбасы мүшелері де елімізге адал еңбек етіп жүр деп мақтанышпен айта аламын. Қазір екі қыз, үш ұл тәрбиеленіп отырмыз. Олардың он немере сүйік. Болашақта немерелерім де осы салада еңбек етсе, ол мен үшін үлкен бақыт.

Әкемізнен тараған үш ұрпақ та қазір мұнай саласының білікті мамандары. Ұл-қыздарым да осы салада қызмет істеп келеді. «Маңғыстаумұнайгаздың» қолдауымен Астанаға үлкен шараға барып келгеніме қуаныштымын. Біздің жаңауымыз мұны үлкен қуанышпен қабылдап жатыр. Бұл марапатты адам еңбегін ардақтау деп білеміз. Себебі қоғамына, елінің игілігіне тер тоғу, оның зейнетін көруден асқан мұрат жок. Әсіресе, жастарға сабақ. Ендігі арманым отбасымын амаңдығын, ұрпағымның тәуелсіз Қазақстанның гүлденуіне, дамуына, елге адал еңбек еткені» дейді Сағидолла Бижанов.

# ЕҢБЕКТЕН ТАПҚАН БАҚЫТЫН



Кенестік дәуірде комбинезон мен каска киген әйелдің мұнаралы қранда жұмыс ітеті көз үйренген қалыпты жағдай болып көрінетін. Ал қазіргі кезде мұндай алып техниканы басқаратын әйелдерді сирек кездестіресің. Сондай сирек мамандықтың несі – әріптесіміз Лариса Колесникова. Ол «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының сатып алу және материалдық-техникалық жабдықтау департаментінің материалдық-техникалық жабдықтау базасында 20 жылдан астам уақыт еңбек бойы етіп келеді. Мамандығы бойынша жалпы еңбек өтілі – 30 жыл.

Мектепті аяқтаған соң Лариса «Қайда барып оқимын?» деп бас қатырмады. Өйткені, тек «Краншы боламын» деген ой ғана көптен бері көкейінде жүрген еді. Ол уақытта ақшаңқан қала Ақтаудың іргетасы енді-енді ғана қаланып жатқан болатын. Қаладағы №145 кәсіптік-техникалық

училищені бітіріп, мұнаралы қран машинисінің дипломын алған ол еңбек жолын ә дегеннен құрылыс алаңынан бастады. Сол жерде мол тәжірибе жинай жүріп, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына мұнаралы қран машинисі болып ауысты. Ол еңбек ететін департамент компанияның қажетті материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды атқарады.

Лариса Юрьевна жұмыс жасайтын қран 30 тоннаға дейін жүк көтереді. Ол шет елдерден және еліміздің түкпір-түкпірінен темір жол арқылы келетін жүктерді түсіреді, сондай-ақ Қаламқас пен Жетібай кен орындарына кететін жүктерді материалғар тасиді. Осындай ерен еңбегімен көзге түскен Лариса жақында жергілікті телеарнаың «Бақыттың кілті – еңбекте» атты телебағдарламасының кейіпкері болды.

Маусым айында 50 жасқа толатын Лариса Юрьевнаны туған күнімен құттықтап, «Мерекелі де мерейлі жасыңыз құтты болсын!» дейміз. Әріптесімізге келіңіз саулық, отбасына амаңдық, еңбегіне толағай табыстар тілейміз. Жақсылық жүрген жерде тапшылық болмас.

# ЖАҚСЫЛЫҚ ЖҮРГЕН ЖЕРДЕ ТАПШЫЛЫҚ БОЛМАС



1 маусым - дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесінің қаржыландыруымен, Отбасылық үлгідегі балалар ауылының тәрбиеленушілері елімізге белгілі эстрада жұлдыздары – «МузАРТ» тобының ән кешін тамашалауға мүмкіндік алды. Өнер десе ішкен асын жерге қоятын бүлдіршіндер концертке

билет тарту етілетінін естігенде кеуделерін қуаныш керепп, бұл көптен қолдары жетпей жүрген шара екенін айтып, алғыс білдірумен болды. Сондай-ақ «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесі, Алматы қаласында өтетін футболдағы жарысқа жол жүргелі отырған Отбасылық үлгідегі балалар ауылының Берекет пен Асқар атты екі тәрбиеленушісіне бастан-аяқ киім алып беріп, өз қамқорлықтарынан танытты.

Енді жас спортшыларымыздың жеңіс тұғырынан көрініп, Ақтау шаһарына қуанышты жаңалықпен оралғанын күтеміз. Бұған дейін болған үш кездесуде Орал, Ақтөбе, Атырау қалаларының құрамаларынан басым түскен жеткіншектер бұл кездесуде де озып шықса Баварияда өтетін додаға жолдама алмақ.

Сәттілік тілейміз.

# ЖАЗ ЖАЙНАТЫП, КҮН КҮЛДІРІП ДЕМАЛЫСҚА БАРАМЫЗ...

Үстіміздегі жылдың мамыр айында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының әкімшілік мәселелер және әлеуметтік даму департаментінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі бөлім бастығы қызметіне Қымбат Тезекбайқызы Иманқұлова тағайындалған болатын. Қымбат Тезекбайқызы жаңа жұмыс орынын құттықтай отырып, біздің тілшілеріміз билығы, яғни 2015 жылдың жаз маусымында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бағытындағы алынған шаралар туралы сұхбаттасқан еді:

**- Қымбат Тезекбайқызы, билығы жазғы демалысты ұйымдастыруда өткен жылмен салыстырғанда қандай өзгерістер, жаңалықтар бар, тоқталып өтсеңіз?**

- Өткен жылы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бойынша балалар сауықтыру орталықтарына 1444 жолдама бөлінген. Соның ішінде, 960 жолдама жергілікті «Алау» балалар сауықтыру орталығына, 484 жолдама еліміздің Алматы, Қостанай қалаларындағы және жақын шетелдер Грузия, Ресей мемлекеттеріндегі балалар сауықтыру орталықтарына беріліп, компания мұнайшыларының балалары жазғы маусымда демалып қайтқан. Билығы жылы, өткен жылмен салыстырғанда балалар сауықтыру орталықтарына берілетін жолдама саны айтарлықтай көбейді. Жалпы



жолдама саны 1752, оның 960 жолдамасы жергілікті «Алау» балалар сауықтыру орталығына, қалған 792 жолдама еліміздің Алматы қаласындағы «Жұлдыз», Орал қаласындағы Жайық өзенінің жағалауындағы «Евразия», Қостанай облысындағы «Мерей», сондай-ақ Ресейдің Сочи қаласындағы балалар сауықтыру орталықтарына берілмек.

Аталған балалар сауықтыру орталықтарымен келісім шарт жасалтылып, балаларды қабылдау жөніндегі керекті мағлұматтар алынған. Келісім шарт ішінде балалар сауықтыру орталықтарына жеткізу, медициналық қызметті ұйымдастыру мен ұсыну, балалардың денсаулығы мен өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өрт қауіпсіздігінің талаптарын сақтау, тамақтануды ұйымдастыру, балаларды сауықтыру бағдарламасы қарастырылған.

**- Орталықтардың демалысты ұйымдастыру бағдарламасы туралы айтып өтсеңіз...**

- «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы балалар демалысын жауапкершілігіне алған туристік фирмаларға бірінші кезекте, балалармен жұмыс жүргізуге кәсіби білімі мен тәжірибесі зор маман-педагогтарды тарту мәселесін қойды. Олар тақырыптық кештер, сайыстар, спорт жарыстары, өнер



доласының кеңейтілген бағдарламасын ұсынып отыр. Әрине, бұл сапарлар арқылы компания Басқармасы балалардың таным көксінгін кеңейту, ел тану, жер тану мақсатына зор мән береді. Тарихы бай Орал өңірін, балалар үшін таптырмайтын ойын-сауық орталықтары орналасқан Алматы, сондай-ақ жер жұмағы – Сочидағы олимпиада қалашығы – атақты аса көрікті

Красная Полянадағы биатлоннан олимпиадалық база аумағында орналасқан «Янжи» лагерінде өткен күндердің салтанаты балалардың ұзақ есінде қалары сөзсіз. Бағдарламада тарихи-мәдени және табиғат ескерткіштеріне экскурсиялар, табиғат аясындағы саяхаттар бар. Мысалы, Кавказ қыркаларының аясындағы «Янжи» лагерінде әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған жасөспірімдермен бірге ағылшын тілін жетілдіріп, саяхатшы бастан кешетін қилы-қилы оқиғалардың ортасында болады. Алматының Таңғар бөктеріндегі шаңғыдан олимпиадалық базадағы «Жұлдыз» лагерінде де да таудың саф ауасын жұтып, қызықты демалыс өтеді. Сондай-ақ Ақтау қаласының теңіз жағалауындағы «Алау» лагерінің жұмысын жүйелеу, демалыс бағдарламасын кеңейту мақсатында кешенді жұмыстар қолға алынды. Бағдарламада Ақтау қаласындағы «Мадагаскар» сияқты балаларға арналған ойын-сауық орталықтарына демалыс, кинозалдарда кино көрсетіліп, өлеңнің тарихи ескерткіштеріне саяхат қарастырылған.

Сөзіміңіз қорытындысында, жаз мезгілін балалардың асыға күтетіндігі бәрімізге белгілі жәйт. Ойын баласы үшін жазғы демалысын қызықты өткізу таптырмас қуаныш. Осы тұрғыда «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру балаларға шашадман көңіл сыйлары сөзсіз.



# Армандар ақиқатқа айналған күн...



Сөзімді әрден сабақтасам деймін... Қазақ поэзиясының ешқашан өз орнынан жылжымаса қадау-қадау күзар биіктері көп. Шың ақынның ешқайсысы көзі тірісінде "мен болдым-ақ" деп төкпейлісіп көрмеген болар. Соның бір биігі мен жүз шыңы-арғы Абай, Шәкәрім, Махамбеттен бастау алса, бергісі Мұхтар, Мұқағали болып жалғасты. Жанын берсе де, жырын бермейтін ұлылардың ұрпағымыз ғой... Сондай аманатты арқалаған ақындардың басын қосып, мамыр айының 7-ші жылдызы Әбішті тұлғаны тудырған киелі топырақта «Аманат пен ақ Махаббатқа, Ескерткіш боп тұрсын, Ай-Ана!...» атты қан майданнан жарлары мен ұлдары оралмаған, аяулыларын күтүмен ғұмыр кешкен Аналар рухына арнап облыстық ақындар мұшайрасын өткіздік. Ұлтқа деген ұлы махаббат пен жерге деген жылы жанашырлықты танытып, әрбір ақын өзіндік жыр жиназын жасапты. Өсте, пейілі тар, ниеті ала-құла адамнан жақсы өлең тұмайтыны сынды, гүлді үзуге, құсты үркітуге қияметін ақынның кісі баласына қиянат жасауды да мүмкін еместігін отты жырларымен аңғартты... «Ақындық-Алланың сыйы» - деуші еді, бұл мұшайра Маңғыстаудың кіл мықтыларын аламанға қосқан, дүбірдің доласын жасап, көңілдің көкжиегін кеңейтті. Рас, өз басым сілкінді, іштегі запыран болған сезім мен сенім, жігер мен жүректің тиегі ағытылып, ұлтарқай жердің ұл-қызы болғанымға тұба еттім.

«Әй» - дегеннен қызу жұмысқа кірістік. Сіркіреп жауған жаңбырды Ұлы Дала мұндай қуанышқа толтырған болар деп жорамалдады көбі... Киелі топыраққа келген әрбір жас өзіне үлкен жауапкершілік артылғанын сезгендей... Аз ғана уақыттың ішінде ауылдың абыз ақсақалдарынан

бастап, бұғанасы қатып, буыны бекімеген кара домалақтарына дейін сол жерден табылып, одан қала берді, жастардың осындай игі шара өткізетінін естіп сонау қияннан асыға жеткен Маңғыстаудың қалаулылары Көмек Ыбыраев, Ақшағұл Рамазанова, Нұргүл Маулина сынды аға-аналарымыз келіп мерекелі мерейімізді бір өсіріп тастады. Нағыз қаймағы бұзылмаған ауылды көріп көңіл семірді. Тас қаланың тіршілігінен шаршап барып-ек, ауылдың



інісі бір демде тынықтырды. Ақындар жыр оқып, жастар әсем әнмен әрледі. Соңынан соғыстан қайтпаған майдангер аталарымыздың рухына арнап құран оқылып, киіз үйден дәм татты. Ауылдың игі жақсыларының ақ батасын алып, Ақтау деген шаһарға мастанғанның бетін әрі қылсын, марқайып оралдық. Тамшыдай ғана жасаған жақсылығымызды Алла Тағала сауаптан жазып, соғыста ерлікпен қаза тапқан бабаларымыздың рухына бағыштаған құран-аяттарымызды қабыл етіп, махшарда жүздерін жарық қылғай!

Осы ретте мұшайра қорытындысы бойынша жүлделі тұғырдан көрінген ақындарымыз ағынан жарылып, ыстық лебіздерін білдірді.

**Жандос Демесін** - мұшайраның 1-орын иегері:

- Бұл мұшайраны өткізуге мұрындық болған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жанынан құрылған Жас мамандар кеңесіне айтар алғысым шексіз. Жарты әлемді шарпыған соғыс өрті қазақ халқының мыңдаған шаңырағын күйретіп кетті. Өткен тарихымызды ұмытпай, ел үшін елеулі ерлік көрсеткен ерлерімізді ұлықтау парызымыз. Алдағы күндерде де ел қазанына қазына құйып отырған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жастары рухани шараларды жиірек өткізе берсе екен деген тілек. Игі бастаманы қолдаған компания Басқармасына – Сунь Синьюнь және Бақыт Иманбаева алғыс айтамын.

**Тілеген Әліп** - мұшайраның 2-орын иегері:

- Ұлы Женістің 70-жылдығына орай ұйымдастырылған бұл мұшайра жөнінде көптеген нәрселер айтуға болады. Ең алдымен айта кететін жайт, кара алтыңды игеріп, кара халықты жұмыспен қамтамасыз етіп отырған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ компаниясы жастардың басын қосып, рухани шараларды қолға алғаны қуантты.

«Ай-Ана» ескерткішіне гүл шоқтарын қоярда жауған жаңбыр, жаңбыр емес, ұлы мен жарын күткен аналардың көз жасындай көрінді маған... Ақ дастархан басында отырып аналарымыз бен аталарымыздың батасын алдық. Бізге осындай қуаныш сילהан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жанынан құрылған Жас мамандар кеңесіне ерекше алғыс айтым келеді.

**Еділ Бекмұрат** - мұшайраның 3-орын иегері:

- Маңғыстау ауданына қарасты Оңды ауылында өткен жыр кешінен алған әсерімді сөзбен жеткізе алар емеспін. Халық куә, талай мұшайралар қала ішінде, белгілі-бір мәдениет үйлерінде өтіп жүр. Ондай жерлерде халықтың қарасы аз. Оңдыда өткен облыстық деңгейдегі ақындар мұшайрасын ауыл тұрғындары да күтпеген болар. Расында бұл ұзақ уақыттар бойы есте сақталып, халық аузында айтылып жүрерліктей таласты да тартысты, қызықты да думанды ғажап кеш болды.

Әбіштің дананы тудырған киелі топыраққа барып, Ай-Ана мүсінінің жанында тұрып өлең оқудың өзін әр ақын

«Поэзия – нетронутая красавица»  
Александр Блок

бақыт деп сезінген болар. Осындай кештердің жастарға берер рухани тәрбиесі мол емес пе?!..

Кештің кемі жоқ, барын салып жүгіріп жүрген әппақ кимдегі ақ жаулаудың астына жиылып, өздерінің ұйымдасқан ұжым екенін көрсете білген Жас мамандар



кеңесінің қыздары мен жігіттеріне, және Оңды ауылының әкімі Б.Зімбетовке және ауыл әкімшілігінің жастар ісі жөніндегі маманы М.Манашевқа ақындар тарапынан арнайы алғысымызды білдіреміз. Келесі жолы республикалық деңгейдегі ақындар мұшайрасын өткізуді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесіне бұйырсын - деп тілеймін.

Орасын Оңды ауылын үлде-бүлде, Қайғы-мұң болмасыншы мүлде-мүлде Жыл сайын ақындардың басын қосып, Жас мамандар той жасасын күнде-күнде...

Ойсыз өмір – қамсыз өмір. Қамсыз өмір – шамсыз өмір дейтін еді, ақындардың отты жырлары ойыма оралса, сол киелі топыраққа қайта барғым-ақ келіп тұрады. Көпке дейін көсіле айтатын кешіте болғандардан естігенім мынау еді: жаһанның жалмауызы етектен тартып, дубора саясатын жүргізіп жатқанда жастардың бір женнен қол, бір жағадан бас шығарып, осындай игілікті іске жұмылғаны қуантады. Ауызбіршіліктеріңді сақтаңдар, елдің бекересі мен ынтымағын ұздай ұйыта білетін өздеріңіз секілді иманды қыз бен ұлдарымыз көбейсін деген тілек пен ыстық мықлас.

Қазақтың мызды танытатын Оңдыдағы кеш арнамызды ақиқатқа айналдырды дегім келеді.

**ЖАННАТ КЕМАЛ**

(Мұшайра жеңімпаздарының шығармаларын газеттің 8-бетінен оқысыздар)

## ОРАЗА – ҰЛЫҚ ҒИБАДАТ

Рамазан оразасы исламның бес парызының бірі. Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар былай дейді: «Ислам бес нәрседен тұрады: Аллаһи бәсқа тәптірі жоқ екеніне, Мұхаммед Алланың құлы және Елшісі екеніне күәлік ету, намаз оқу, зекет беру, рамазан оразасын ұстау, шамсы келгендерге қажымлыққа бару» (Бухари, Иман 34). Ораза ұстау ғибадаты бұрынғы өткен қауымдарға да парыз болған. Құранда бұл жайында былай дейді: «Ей, иман еткендер! Сендерге бұрынғыларға парыз етілгендей ораза парыз етілді» (Бақара сүресі, 183 аят).

Ораза ұстау тек құлшылық қана емес адамға тигізер пайдасы да бар. Мәселен, адамның нәпсісін тәрбиелейді, сабырлыққа үйретіп, аштықпен күн өткізген өзгелердің бір сәт болсын басынадағы қайғысын есіне түсіреді.

Осы орайда назарларыңызға (Маңғыстау облысы үшін) 2015 жыл – хижраша 1436 жылға арналған ауыз бекіту және ауыз апар кестесін ұсынамыз.

Рамазан айының реті	Апта күндері	Маусым және Шілде айы	Таң намазы	Күннің шығуы	Бесін намазы	Екінші намазы	Ақшам намазы (ауыз ашар)	Құптан намазы
1	Бейсенбі	18.06.2015	3:52	5:52	13:35	18:55	21:24	22:54
2	Жұма	19.06.2015	3:52	5:52	13:35	18:55	21:24	22:54
3	Сенбі	20.06.2015	3:52	5:52	13:36	18:56	21:25	22:55
4	Жексенбі	21.06.2015	3:52	5:52	13:36	18:56	21:25	22:55
5	Дүйсенбі	22.06.2015	3:52	5:52	13:36	18:56	21:25	22:55
6	Сейсенбі	23.06.2015	3:52	5:52	13:36	18:56	21:25	22:55
7	Сәрсенбі	24.06.2015	3:53	5:53	13:37	18:56	21:25	22:56
8	Бейсенбі	25.06.2015	3:53	5:53	13:37	18:57	21:25	22:56
9	Жұма	26.06.2015	3:53	5:53	13:37	18:57	21:25	22:56
10	Сенбі	27.06.2015	3:54	5:54	13:37	18:57	21:25	22:56
11	Жексенбі	28.06.2015	3:54	5:54	13:37	18:57	21:25	22:56
12	Дүйсенбі	29.06.2015	3:55	5:55	13:38	18:57	21:25	22:56
13	Сейсенбі	30.06.2015	3:55	5:55	13:38	18:57	21:25	22:56
14	Сәрсенбі	01.07.2015	3:56	5:56	13:38	18:57	21:25	22:56
15	Бейсенбі	02.07.2015	3:56	5:56	13:38	18:57	21:25	22:56
16	Жұма	03.07.2015	3:57	5:57	13:38	18:57	21:25	22:56
17	Сенбі	04.07.2015	3:57	5:57	13:39	18:57	21:24	22:54
18	Жексенбі	05.07.2015	3:58	5:58	13:39	18:57	21:24	22:54
19	Дүйсенбі	06.07.2015	3:59	5:59	13:39	18:57	21:24	22:54
20	Сейсенбі	07.07.2015	3:59	5:59	13:39	18:57	21:23	22:53
21	Сәрсенбі	08.07.2015	4:00	6:00	13:39	18:57	21:23	22:53
22	Бейсенбі	09.07.2015	4:01	6:01	13:39	18:56	21:23	22:53
23	Жұма	10.07.2015	4:01	6:01	13:39	18:56	21:22	22:52
24	Сенбі	11.07.2015	4:02	6:02	13:40	18:56	21:22	22:52
25	Жексенбі	12.07.2015	4:03	6:03	13:40	18:56	21:21	22:51
26	Дүйсенбі	13.07.2015	4:04	6:04	13:40	18:56	21:21	22:51
27	Сейсенбі	14.07.2015	4:05	6:05	13:40	18:55	21:20	22:50
28	Сәрсенбі	15.07.2015	4:05	6:05	13:40	18:55	21:19	22:49
29	Бейсенбі	16.07.2015	4:06	6:06	13:40	18:55	21:19	22:49

### ЕСКЕРТУ:

1. Биыл, яғни 2015 жылғы мұсылмандық айт күнтізбесі бойынша Қасиетті Рамазан айы 29 күн. 2. Шілденің 13-нен 14-не қараған түн Ләйләтул-Қадр, яғни қасиетті Қадір түні. 3. Сәресі ішу тақ намазының кіруіне 10 минут қалғанда тоқтатылады. 4. Ауызды ақшам намазының уақыты болысымен құрмамен немесе сумен және т.б. жеміспен де ашуға болады. 5. Тарауш намазы Құптан намазынан кейін оқылады, ал Үтір-Үжжіл намазы ең соңынан жамағатпен оқылады. 6. Пітір-садаққан рамазан айының басынан айт намазына дейін беруге болады. Пітірдің құны жалпы Қазақстан аймағы бойынша 200 теңге. 7. 17 - шілде (сенбі) күні Ораза айт мейрамы басталады. Айт намазы Маңғыстау облысында сағат 7.00-де оқылады. 8. Оразаға ниет: Алла тағала үшін мұбарак рамазан айының оразасын ұстауға танын күн батқанға дейін ниет еттім. 9. Ауызашар дұғасы: «Жаратқан Ием Сен үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берсең ризық несібкем ауыз аштым. Иә, кешірімді Алла! менің алдымға және соңыма күна-кемшіліктерімді кешіре гөр!»

Смайыл Сейтбеков  
ҚМДБ-ның Маңғыстау облысы бойынша өкілі имамы



## СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

Біздің компаниямыз қойнауында кен толған, даласында жұмбақ тұнған майлы қиян Маңғыстау мен ел экономикасына сүйелі үлес қосып отырған «Манғыстаумұнайгаз» АҚ өндіріс нысандарына көп салалы жайластыру қызметтерін көрсетеді. Елбасымыз Н.Назарбаевтың халық қамын ойлап, мүддесін қорғаудағы сыйдарлы саясаты, «Oil Construction Company» ЖШС басшылығының байыпты, жоспарлы жұмысы, қызметкерлердің ескініді еңбегі нәтижесінде қиыншылықтардан шығып, бүгінгі таңда өз дамуының жаңа белесіне аяқ басты. Дүниежүзіндегі алдыңғы қатарлы 20 мемлекеттің сапында нарықтық экономиканың қарқынды адымына ілесіп отырып, жаңа жетістіктерге жету, отандық экономикада лайықты орын алу - компанияның басты мақсаты болып отыр.

Кәсіпорын 2033 адам еңбек ететін Қаламқас құрылыс-құрастыру қызметі, Жетібай құрылыс-құрастыру қызметі, көлік және арнайы техника қызметі, өндірістік қамтамасыз ету базасы сияқты негізгі төрт бөлімшеден тұратын сервистік компания. Өзінің 8 қарьерінен құм, ұлутас, мергель, кыштықтас, шойтас, құмды малтатас сияқты құрылыс материалдарын өндіреді.

Көпсалалы қызмет көрсетуші кәсіпорнымыздың өндірістік-техникалық базасы үнемі жаңғыртылу үстінде. «ҚазМұнайГаз» ҰК акционерлік қоғамының құрамына кіретін кәсіпорнымызға 2013 жылы 800 млн., 2014 жылы 902 млн. теңге қаражат бөлінді, он бір доңғалақты және шыңжыртабан жүрістегі экскаватор және тегістегі экскаваторы, Камаз базасындағы тегістегіш 2 экскаватор, 25 тонналық 4 автомобиль краны, 2 автогрейдер, 13 ПА3 автобусы, 5 бірлік шанақты автомобиль, 4 «Фермер» автомобиль, 2 шынжыртабанды құбырсалғыш, шөміш сымдылығы 3м шөмішті фронталды 3 тиегіш, 2 техникалық комекс автомобиль, 5 тартқыш трактор, 1 автобенз араластырғыш сатып алынды. Жалпы саны 68 техника жаңартылып, жұмыс қарқыны үлелі.

Сонымен қатар нысандар құрылысына 1010 млн.теңге бөлінген. Бөлінген қаржы қарқынды игерілуде. Құрылыс бригадалары үшін 13 дана вагон алынды. Таушық қарьеріндегі қызметкерлер 32 адамға арналған модуль тұрғын кешені мен Жетібай кенорны жұмыс істейтіндер 150 орындық технологиялық жабдықпен қамтылған асхананың игілігін көріп отыр. Қаламқас кен орында арнайы техниканы жөндейтін шеберханасы бар ангар ғимараты іске қосылды. 100 адамдық жатакана мен 220 орындық киім ауыстыру орнының құрылысы аяқталуда. Жетібай кенорнымен Битымқас кенті құрылыс материалдарын сақтауға

## «ОСС» ЖШС ЖАҢА СЕРПІЛІС АЛДЫНДА



арналған ангар тұрпаты 6 жабық қойма салынды. Мекеме техникасы мен арнайы техникасын жөндеу үшін әртүрлі білдек пен құралдар сатып алынды. Қаламқас, Жетібай кенорны екі кіші футбол алаңы салынып, пайдалануға берілді. Жетібай құрылыс құрастыру қызметі мен көлік және арнайы техника қызметі базаларының алаңына асфальт төселді.

Адам ресурстары - өндірістің негізгі қозғаушы күші және мемлекетіміздің басты байлығы. Сондықтан компания кадрлық және әлеуметтік саясатты басты назарда ұстайды.

Технологиялық жетістіктерге бай, дамыған ел кәсіпорны болу мақсатымыз болғандықтан кадрларды оқытып, білімін жетілдіру жақсы жолға қойылды. 2015 жылдың бюджетінде қызметкерлерді оқыту, қайта дайындауға 31 626 000 теңге бөлінген, бұл былтырғы жылға қарағанда 9,6 пайыз артық.

Инженерлік-техникалық мамандар мен жұмысшылар үнемі оқу-үйрену үстінде. Бір ғана мысал - АССА ДипИФР бағдарламасымен оқығған бас есепші Тұғанай Жауғашты Халықаралық Қаржылық есеп беру бойынша емтиханды тапсырып, кәсіби білімінің ең жоғары деңгейін растайтын осы дипломға бірден қол жеткізгенін мақтаншып-пен айта аламыз.

Жыл сайын өтетін «Өз кәсібінің үздігі» байқауы жақсы нәтиже беріледі. Бұл байқаулар нәтижелері бойынша жеңімпаздар бір жолғы сыйлық ақшадан басқа жыл бойы айлықтарына қосылатын 30, 20, 10 пайыз үстеме ақы алады. Осындай мейлінше мамандардың бірі Қаламқас ҚКҚ электрғазбен

пісірушісі Н.Нұрмағанбетов Елорда Астанада «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы С.Мыңбаевпен кездесіп, төсбелгімен марапатталды.

Жүйелі түрде еңбек тәртібін сақтау бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде тәртіптік шара қолдану былтырғы жылдың I тоқсанымен салыстырғанда 4,4 есеге азайды.

Қызметкерлердің жұмыстан кейін тынығып, еңбекке ынтасын көтеру үшін жағдайлар жасалған, жатақханалардың барлығында әр болме сайын теледидар бар, спорт-жаттығу бөлмесі де жасакталған. Кенорындарында жана асхана, киім ауыстыру орнында пайдалануға берілген. Жатақханалар үшін компьютер техникасы және тұрмыстық бағыттағы жабдықтар жанартылды.

«ОСС» ЖШС Қаламқас пен Жетібай кенорны өзінің меншікті асханасы мен жатақханасы сияқты инфрақұрылымдық нысандары бар бірден-бір сервистік кәсіпорын.

Сервистік бюджетінде көзделген көлемде Ұжымдық шарт талаптарына сай материалдық көмек беру жақсы жолға қойылған.

Еліміздегі мерекелі күндерде қызметкерлер де қалыс қалмайды. Өткен жылы кәсіпорын еңбеккерлеріне 8 наурыз мерекесі, Наурыз мейрамы мен Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күніне, ҚР Тәуелсіздік күніне орай сыйлық ақы берілді, компания қызметкерлерімен қатар мекеменің зейнеткерлері де сыйлық ақы алды. Балаларға жана жылдық сыйлық, жазғы демалыста сауықтыру лагерлеріне жолдама тегін

беріледі. Мүгедектер күніне орай компания қызметкерлерінің отбасыларындағы мүгедек балаларға 50 АЕК көмек бөлінді.

50, 55 және 60 мерей жасқа толған ерлер мен әйелдерге 40 АЕК зейнеткерлікке шығатын қызметкерлерге жұмыс өтіліне қарай материалдық көмек, бала күтіміне отырған әйелдерге жәрдемақы төленеді. Қымбат тұратын емдеу мен ота жасауға аса мұқтаж қызметкерлерге, 30 күннен астам еңбекке қабілеттілігін жоғалтқан қызметкерлерге қосымша материалдық көмек көзделген. Ұжым мүшелерінің қайғысына ортақтасып, қайтыс болған әрбір қызметкердің отбасына 100 АЕК, қызметкерлердің жақын туыстары, кәсіпорыннан зейнеткерлікке шыққандар қайтыс болған жағдайда 50 АЕК материалдық көмек беріледі.

2015 жылдың I тоқсанында Ұжымдық шартын қызметкерлері әлеуметтік қолдау бөлігін орындау мақсатында төлем жүргізілді. Сервистік қызметкерлерінің отбасында дүниеге келген 39 баланың арқасына 35 АЕК-тен барлығы 11 010 440 теңге берілді. Биыл отбасын құрған әр қызметкерге 69 370 теңге төленді. Осы мерзім ішінде 8 наурыз мерекесі күрметіне 208 қызметкерге 8 245 120 теңге, зейнеткер әйелдерге - 753 160 теңге, Наурыз мерекесіне орай барлық қызметкерлерге - 202 956 800 теңге, 1,5 жасқа дейінгі бала күтіміне 27 әйелге - 535 140 теңге, 18 Ауғанстан соғысы ардагеріне 270 000 теңге мөлшерінде төлем жүргізілді. Қазіргі таңда әлеуметтік төлемдер мөлшерін «ОТК» ЖШС және «ОСК» ЖШС төлемдерімен теңестіру жолдары қарастырылуда.

Жұмыс беруші мен қызметкерлері арасындағы ішкі қарым-қатынастардың бірінші турпаты ережелеріне сай жұмыс жолға қойылған. Басшылық пен қызмет бөлім жетекшілері жоспарлы түрде кен орындарында барып, әрбір нысан, әрбір жұмыс орынында болып қызметкерлердің хал-ауазын, жұмыс барысын көріп-біліп, олардың сұрақтарына жауап береді. Елбір сұрақ жауапсыз, ешбір мәселе аяқсыз қалмайды.

«ОСС» ЖШС өз тарихында талай дағдарыстан өтті. Қазіргі жағдайдағы тығыздықтан шығуға компанияның әлеуетін ұтымды пайдалану, жаңа жұмыс көзі, жаңа сервистестер іздеу, экономикалық жана сапаға көтерілу - бизнестің даму талабы. Биылғы ұлы тарихи мерекелер жылдында «Ұрыс ырысты қашырап, ынтмақ халықты асырап» дегендей, бір жағалап бас, бір жеңнен қол шығарып, ынтымағы жарасқан ұжым өркендеген келесі кәсіпорындар қатарынан көрінеді деген сенім бар.

«Oil Construction Company» ЖШС

## ҮЗДІК БРИГАДА

Кен-байтақ казак елінің қасиеті де киелі өңірінің бірі - Маңғыстау. Ол - бүгінгі таңда әлемнің небір алпауыт елдері көз тігіп отырған, қойнауы қазына мен байлыққа толы құт мекен. Осы өлкенің өндірістік мақтаншы болып саналатын, алыстан сағымданып көз тартатын кен орындарының бірі - Қаламқас. Бұл - сонау есте жоқ ескі дәуірлерде ел-жұртын асырап, халқына қайыр-шапағатын тігізген Қаламқас апамыздың атымен аталатын қасиетті жер.

Бір кездері ата-бабаларымыз қырда төрт түлік малын бағып, теңізде балығын аулап күнін көрген болса, бүгінгі ұрпақ қара жердің қойнауынан мұнай мен газдың өңіріп, өз ырзықтарын тауып отыр. Жаздың аптап ыстығы мен қыстың қаһары аязында бетке соғар борасын мен желіне қарамастан шөлейтті, сор далада еңбек еткен алдыңғы аға буының өнегелі ісін жалғастырып келе жатқан қазіргі жас ұрпақтың тәуелсіз қазак елінің дамып, көркеюіне қосар үлесі аз емес.

Өткен ғасырдың 70-жылдарының орта шенінде Бозашы түбегінде зерттеу жүргізіген «Манғышлакнефть» экспедициясының барлаушы геологтары бірнеше жылғы барлау жұмыстарының нәтижесінде жер қойнауындағы мұнай қорының мөлшері жарты миллиардтан астам екенін анықтаған болатын. Осыдан кейін қасиетті Қаламқас жерінің екінші тынысы ашылғандай болды.

1979 жылы «Манғышлакнефть»

өндірістік бірлестігі жанынан «Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасы құрылды. Өндіріс жабдықтары мен қажетті материалдардың жетіспеуіне, өндірістің облыс орталығынан шалғайда орналасуына, азық-түлік пен ауыз судың тапшылығына қарамастан басқарма ұжымы алғашқы айлардың өзінде-ақ жоспарлы мұнай өндіруді алдына міндет етіп қойды. Жанкиярлық еңбектің нәтижесінде сол жылдың 23 тамызында Қаламқас кен орнының №66 ұңғысынан алғашқы мұнай өндіріліп, ел игілігіне берілді. «Қара алтынды» игеріп, халық игілігін жарату жолында мұнайын мамандығын игерген әр сала мамандары шалғайда орналасқан кен орнында күн-түн демей еңбек етті.

Сол сара жолды бүгінгі таңда «Oil Service Company» ЖШС бөлімшелерінің бірі «ҚаламқасСервис» өндірістік басқармасы лайықты жалғастырып келеді. Қаламқас кен орнында орналасқан бұл өндірістік басқарма - 1374 жұмысшысы бар үлкен ұжым. Ұжымды белгілі маман Нүркен Жарығасұлы Таменов басқарады. Басқарманың негізгі қызметі - бұрғылау, ұңғыларды жерасты жөндеу, күрделі жөндеу және химиялық



жөндеу. Бұрғылауда - 2 бригада, ұңғыларды жерасты жөндеуде - 13 бригада, күрделі жөндеуде 9 бригада күндіз-түні вахталық әдіспен жеті күн сайын ауысып қызмет етеді. Мұнайшылардың облыс орталығынан кен орнына қатынап жұмыс жасауы үшін барлық қолылай жағдайлар жасалған. Олар жайлы да жұмсақ автобустармен кен орнына жеткізіледі. Өрбір жұмысшы заман талабына сай жатын бөлмелерге орналасып, төрт мезгіл ыстық тамақпен, жуыну орындарымен және ауысым кезінде тынығу бөлмелерімен толықтай қамтамасыз етілген.

Жақсы жағдай, жайлы мүмкіндік жасалғаны жерде мұндағы еңбек қарқыны да өте жоғары. Әсіресе «ОСС» ЖШС-нің Қаламқас кен орны бойынша ұңғыларды

жерасты жөндеу бригадаларының еңбегі ересен. Бригадалар арасында ерен еңбегімен, жоғары көрсеткіштерімен №10 бригада ардайым алда келеді. Бригада шебері Самат Жоламанов құрамында 18 жұмысшысы бар ұжымды 2002 жылдан бері басқарады. Ұжымда өзара татулығы жарасқан майталман аға операторлар, көмекші операторлар және көтергіш агрегаттың машинистері бар. С.Жоламанов сияқты тәжірибелі шебердің біліктілігі арқасында бұл бригада өзіне берілген міндеттерді абыроймен атқаруда. 2014 жылғы жоспар бойынша №10 жерасты жөндеу бригадасы 225 ұңғыны жөндеуі керек болатын. Жыл аяғында ұжым 244 ұңғыға жерасты жөндеуді жүргізіп, жоспарды 103% асыра орындады. Ал 2015 жылдың алғашқы көрсеткіштерін айтар болсақ, бір жылғы жоспар бойынша жөндеуге тиісті 200 ұңғының 69-ын алғашқы төрт айда жерасты жөндеп тапсырып, оң жетістіктерімен алда келеді.

Бригададағы аға операторлар Оразбек Ауезов, Қанат Жұмабеков, операторлар Еркебұлан Азимбаев, Серғазы Айтжанов сияқты азаматтар қашанда жұмысқа деген жауапкершілігімен, еңбекқорлығымен көзге түсіп, кейінгі жас буына үлгі болып, тәлімгерлік көрсетіп жүр.

Осындай озық бригадалардан құралған «ОСС» ЖШС барлық мұнайшыларға «Байтақ жерімізде, желбіреген көк байрақтың астында жер асты қазба байлығы - «қара алтын» өндіру ісінде қанаттары талмасын!» деп тілейді.

«Oil Service Company» ЖШС

## СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ



СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

## БОЗАШЫҢЫҢ ТӨСІНЕН ШАҚЫРЫМДАР ТАРҚАТҚАН...

«Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС негізгі өндіріс бөлімшелерінің бірі - Қаламқас кен орнында орналасқан «Бозашы технологиялық көлік басқармасы» 1980 жылы «Мангыстау-мұнайгаз» өндірістік басқармасының бұйрығымен «Мангыстау технологиялық көлік басқармасынан» бөлініп, жеке заңды тұлға мәртебесіне ие болған.

Жаңа технологиялық көлік басқармасы алдына қойылған негізгі міндеттер - сол кезде «Бозашы» жарты аралында жаңадан ашылған, іске қосылған Қаламқас және Қаражаңбас кен орындарындағы тапсырыс берушілердің арнаулы және технологиялық техника сұраныстарын қамтамасыз етіп, қызмет көрсету, сондай-ақ техника санын көбейтіп, қызмет аясын ұлғайту.

Бұл жылдары Қаламқас кен орнында тәулігіне 12 000 тонна мұнай өндірілетін. Осындай жұмыс көлеміне арнаулы және технологиялық техникамен қызмет көрсетуді басқарма толықтай өзіне жүктеді. Сонымен қатар басқарма бірнеше жылдар бойы Мангыстау ауданының шаруашылық және әлеуметтік мәселелерін шешуде барынша қолқабасын тигізіп отырды.

Табиғаты өте қатан, қысы желді қара суық, лай-балшық, жазы аптап (+40°-45°) және құрғақшылық аймақта жұмысшылар ауыр еңбек жағдайларына қарамастан нағыз ерліктің үлгісін көрсетіп, көлік қызметін көрсетуде күнтізбелік еңбек етті. Басқарманың құрылған күнінен бастап жұмысқа тәжірибелі мамандар, инженерлер, жұмысшылар қабылданды. Олардың ішінде жастарға үлгі болып, жұмыстың қыр-сырын аса мінгерген қызметкерлерді құрметпен атап өтсек, олар - Б.Оразабаев, З.Таукенова, Б.Орынбасаров, Г.Жонелбеков, К.Мақанов, К.Бозатов.

Көлік басқармасы құрылған күнінен бірінші басшы болып Б.Бисенов тағайындалды, одан кейінгі жылдары мекеменің еңбек ұжымын Н.Құлшарипов Н. А. Жақулаев, М. Алдияров, С. Мадияров, Е. Бөкембаев сияқты басшылар басқарып, 2006 жылдан бері Еділбай Кошеров жетекшілік етіп келеді. Аталған басшылар өндірістің дамуына, автокөлік басқармасы технологиясының жетілдірілуіне, көлік және арнаулы техника қызметін көрсетуде уақыт талаптарына сай болуда біраз тер төгіп, зор үлестерін қосты.

Алғаш рет басқарманың өндіріс үдерісі биік жетістіктерге 1990-1995 жылдары қол жеткізді. Сол жылдары техника саны 430 бірлік, қызметкерлер саны 1200-ге жетті. Өрніне, басқарманың материалды-техникалық базасы да ұлғайып, автокөліктерге техникалық сервис қызметін көрсететін кешенді нысандар да көптеп салынды.

2002 жылы көлік мекемелеріндегі құрылымдық өзгерістерге байланысты үш мекеме «Бозашы технологиялық көлік басқармасы», «Мангыстау технологиялық көлік басқармасы», «Жетібай технологиялық көлік басқармасы» біріктіріліп, «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС деген үлкен бір мекемеге айналды. «Бозашы технологиялық көлік басқармасы» 35 жыл бойы үздіксіз жолашушылар мен жүк тасымалдау қызметін, негізгі тапсырыс беруші «Мангыстау-мұнайгаз» акционерлік қоғамына арнаулы технологиялық қызмет көрсетіп, сондай-ақ «Oil Services Company» ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС, «Мангыстау-энергомұнай» ЖШС, «Мунайтелеком» ЖШС сервистік қызмет көрсететін мекемелермен қоян-қолтық жұмыс

жасауда. Қазіргі таңда серіктестік 5 автотөзімнен және өндірістік жөндеу пехынан туралы, қызметкерлердің жалпы саны 1247 адам, автокөлік пен арнаулы техника - 494 бірлікті құрайды.

2011 жылы «ОТК» ЖШС «ҚазМунайГаз» АҚ Ұлттық Компаниясының құрамына енгелі, серіктестікте көптеген жағымды өзгерістер орын алды: еңбек жағдайы жақсарды, жаңа техникалар алынды, қызметкерлердің әлеуметтік хал-ахуалының деңгейі көтерілді. Соңғы 3 жылдың ішінде көлік басқармасында паркті жаңалау жұмыстары жүріп жатыр: 187 бірлік автокөлік және арнаулы техника алынды, сондай-ақ автокөлік құралдарына 383 бірлік «GPS» «АСКАТ» автоматтандырылған көлікті бақылау жүйесі



орнатылды. Аталған автоматтандырылған бақылау жүйесінің арқасында 2012-2014 жылдары серіктестікте жол-көлік оқиғаларының саны едәуір төмендеп, жанар-жағар майдың үнемделгенін атап өтуіміз керек.

Бүгінде серіктестік қызметкерлерінің еңбек және әлеуметтік хал-ахуалын жақсарту бағытында Қаламқас кен орнында 400 бірлік автокөлік техникасына арналған өндірістік-техникалық база құрылысын салу жоспарлануда.

2014 жылы «Мұнайгаз кешені қызметкерлері күні» мерекесіне орай және «ОТК» ЖШС 50 жылдық мерекесі құрметіне басқарманың еңбек озыттарынан 40 қызметкер Құрмет грамотасымен, 31 қызметкер Алғыз хатпен марапатталды. Сондай-ақ «KMG Drilling & Services» ЖШС құрмет грамотасымен жүргізуші Н. Мұстафаев Н. ЦА моторын жөндеуші С. Жаңаев, ұңғыларды зерттеу операторы С. Сүндетов, жүргізуші А. Машуов, Орталық диспетчер қызметінің бастығы Е. Кошеров марапатталды. Жүргізуші Е. Арыстанов, ӨЖЦ шебері Б. Түркіпиев Мангыстау облысы Әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Сонымен қатар осы мерекелер құрметіне бағышталған серіктестік бөлімшелері арасында спорттық сайыстар өткізіліп, аталған басқарма қызметкерлері командалық спорттық сайыстар бойынша волейболдан 1 орын және мини-футбол жарысынан 2 орынға ие болды.

Көлік басқармасының қызметкерлері 2014 жылы «Өз мамандығының үздігі» сайысына қатысып, «ПАЗ автобусының үздік жүргізушісі» номинациясы бойынша А.Калинзов, «Үздік жолшы» номинациясы бойынша Е.Махадов 1 орынды жеңіп алды. Сондай-ақ командалық сайыстарда «Бозашы технологиялық көлік басқармасы» жолшылар арасынан 1-ші, жүргізушілер арасынан 3-ші жүлделі орындаға ие болды.

Әрдайым биік мекеден көрінуді өздеріне міндет етіп алған кәсіпорындағы еңбек ырағы қалыпты, еңбекшілердің де көңіл күйі көтеріңкі. Бір сөзбен айтқанда, «Бозашы технологиялық көлік басқармасының» болашағы зор, келешегі кеністі.

«Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС

## АЛЕКСАНДР БОРИСЕВИЧ: МИССИЯ ВЫПОЛНИМА!

За пять десятилетий ТОО «Мунайтелеком» вырос до уровня крупного оператора телекоммуникационного рынка области, значительно укрепил свои позиции по всем основным показателям деятельности и завоевал репутацию устойчивой и стабильно развивающейся компании с достаточным уровнем технического развития. Это большая заслуга людей, стоявших у истоков, все достижения и успехи предприятия без них были бы невозможны. Благодаря их ежедневной работе многочисленных предприятия, организации имеют возможность быть на связи со всеми, обмениваться информацией. Сегодня сложно представить нашу жизнь без радио, телефона и интернета, которые обеспечивают работниками связи. Они сделали нас более информированными и мобильными. Высокий профессионализм, ответственность, глубокое знание сферы деятельности, талант и опыт представителей отрасли обеспечивают надежную работу систем связи, увеличивая спектр и качество услуг телекоммуникации, техническое обновление, развитие сервисного обслуживания. Сегодня нам хочется рассказать об одном замечательном человеке, который благодаря трудолюбию, высокому профессионализму, многолетней образовательной и безупречной работе внес неоценимый личный вклад на благо нашего предприятия.



инженера линейно-аппаратного зала до начальника цеха связи Актау. Именно при его непосредственном участии были серьезно модернизированы телекоммуникационные сети, проложены новые кабели, осуществлена телефонизация и обеспечен доступ в интернет на многих объектах нефтепромысла, значительно улучшилось качество связи.

На всех участках, доверенных ему, Александр Николаевич

показал себя в первую очередь очень грамотным специалистом, умеющим решать вопросы на высоком уровне, и блестящим руководителем. Это честный, скромный и открытый, человек преданный своей профессии, коллективу, требовательный к себе и подчиненным, готовый всегда прийти на помощь, очень ответственный при выполнении производственных задач, с присущим ему упорством доводящий до конца поставленные цели и задачи. Он всегда делился накопленным опытом и знаниями с коллегами, помогал в освоении практических навыков, много внимания уделял воспитательной работе в коллективах. Это человек, внесший значительный вклад в становление и развитие ТОО «Мунайтелеком». Александр Николаевич является одним из создателей существующей разветвленной сети связи.

Борисевич Александр Николаевич родился 10 марта 1952 года в г.Витебск Белорусской ССР. После окончания школы и службы в рядах СА в 1972 году поступил в Витебский электротехникум связи по специальности проводная связь и междугородная телефонная связь, по окончании которого в 1975 году прибыл по распределению на Мангышлак. Так начинался славный трудовой путь одного из ветеранов ТОО «Мунайтелеком».

За 40 лет работы на Мангышлаке Александр Николаевич прошел путь от рядового

ТОО «Мунайтелеком»

За многолетний и добросовестный труд и достижение высоких производственных показателей неоднократно награждался Почетными грамотами. Является обладателем звания «Лучший инженерно-технический работник».

Коллектив ТОО «Мунайтелеком» высоко ценит все заслуги А.Н.Борисевича перед предприятием и желает ему крепкого здоровья, долгих лет жизни и новых успехов в работе!

ТОО «Мунайтелеком»

## ПРОФЕССИОНАЛИЗМ - ВО ГЛАВУ УГЛА

ТОО «Мангыстауэнергомұнай» занимается энергетическим обслуживанием электрических сетей АО «Мангыстау-мұнайгаз» на месторождениях Қаламқас и Жетібай. В 1995 г. на базе прокатно-ремонтного цеха эксплуатационного электрооборудования НГДУ «Қаламқас-мұнайгаз» было создано Управление «Қаламқас-энергомұнай», позже переименованное в ТОО «Мангыстауэнергомұнай». В 1999 году прокатно-ремонтный цех эксплуатационного электрооборудования НГДУ «Жетібайнефть» был передан в состав ТОО «Мангыстау-энергомұнай».



получил квалификацию техник-электрик.

На сегодняшний день свыше 600 человек работает в ТОО «Мангыстауэнергомұнай», среди них немало передовиков производства, которые внесли свой посильный вклад в развитие ТОО «Мангыстауэнергомұнай».

Одним из них является Жумахметов Сериккали Кибадullaевич, который со дня основания работает в ТОО «Мангыстауэнергомұнай». В 1985 году он был принят на работу в ПРЦЭиО НГДУ «Комсомольскнефть» электромонтером по ремонту и обслуживанию нефтепромыслового оборудования.

Без отрыва от производства окончил Мангыстауский энергетический колледж, и

получил квалификацию техник-электрик. За период работы в ТОО «МЭМ» он бескорыстно передает свой огромный опыт молодым энергетикам. Воспитал немалое количество молодых специалистов, в том числе своего сына Сунгата, который работает электромонтером по ремонту и обслуживанию электрооборудования в Производственно-энергетической службе-1 «Қаламқас» ТОО «МЭМ». Сунгат тоже пошел по стопам отца, окончил Актауский университет им. Ш.Есенова, по специальности электроэнергетика.

Сериккали Кибадullaевич пользуется заслуженным уважением среди руководства Товарищества и коллег по работе. Исполнительный, дисциплинированный, трудолюбивый работник, умеет самостоятельно принимать решения в сложных ситуациях.

Учитывая трудовые заслуги Жумахметова С.К. в развитии ТОО «Мангыстауэнергомұнай» в 1999 г. был награжден медалью «Ерен еңбегі үшін», в 2011 г. к 50-летию Мангыстауской нефти награжден «Почетной грамотой» акима Мангыстауской области, а в 2013 г. в честь Дня работников нефтегазового комплекса «Почетной грамотой» АО НК «ҚазМунайГаз».

ТОО «Мангыстауэнергомұнай»



# «Аманат пен ақ Махаббатқа, Ескерткіш боп тұрсың, Ай-Ана!...»

(Соңы. Басы 5-бетте)

## Аманат немесе Кекілбайдың майданға аттанардағы сөзі

«- Бесоқы – тау төресі өр тұлғалы,  
Мұнардан көре алмадым көркіңді анық,  
«Ел үшін елу- ердің арманы»- деп,  
Қан майдан шақырып түр еркімді алып.

Бұл да бір жазу шығар Тәңір қылған,  
Ел үшін шаһит кетсем жаным құрбан.  
Табаным тайып барад Мырзайыр шөл,  
Бытыра сусыл сары шағыл құмнан.

Аман бол, Ағаштым-ау, Көрпешім,  
Мырзайыр, Басқұдығым, өркеші – құм.  
Барамын қазыл жалын ортасына,  
Сіздерге ақтарылып келте сырым.

Кайтейін...  
Артым- түнек, алдым- жалын,  
Ұсынған татып көрем тағдыр дәмін.  
Бере сөр, амандығын Жаратқан Хақ,  
Артымда жалғыз тұяқ қалдырғаным.?

Қиын күн елге қатер төнді жаман,  
Арманы, үміті көп, Мен бір адам.  
Күдай-ай, жалғыз ұлды беріп едің,  
Қызығын қиясың ба, енді маған.?

Туған жер, ар сыйлаған маған аппақ,  
Дәл бүгін босағаннан барам аттап.  
Әуел Алла, сосынғы Пірім – Бекет,  
Сіздерге жалғызымды аманаттап...»

\*\*\*

Бойлаған тұла бойға нала күшті,  
Өкініш қарып өртеп барады ішті.  
Әкенің жанарынан жас үзіліп,  
Маңдайдан іскеп, сүйді бала Әбішті.

Шығып тұр қош айтысып жиыла жұрт,  
Таулар тұр мұнар жапқан күйі – ғаріп.  
Аттанды қайран әке...  
Туған жердің,  
Бір уыс топырағын мүйіп алып.

Дүмпу бар жер мен көктің арасында,

Тағдыр-ай, мұң қайғыңа қарасын ба...?  
Сызығы көкжиектің көсіледі,  
Сәбидің көздерінің шарасында.

Жазмыш айналдырар қинаса шыр,  
Майданға әке кетті қимас асыл.  
Таң атса, көкжиекке көп қарайды,  
Елеңдеп қоңыр өңді, бұйра шаш ұл...  
**Жандос Демесін**

## Құрмет қыл, Қарияға!

О, Қария!  
Армысың балдақтағы!  
Бір басыңда қайғының қар батпаны.  
Көз алдында соғыстың қарлы ақпаны.  
Құлағыңда жұртыңның зар қаққаны.

О, Қария!  
Бармысың балдақтағы!  
Отан үшін от кешу - Солдат бағы!  
Маза бермей жүр ме екен, ар жақтағы,  
Қанды көйлек достардың аруақтары.

О, Қария!  
Тұрмысың, қарғап тағы.  
Еске түсіп соғыстың зардаптары.  
Сен кешпеген ақпанның бар ма, ақ қары?  
(Қаламыннан сия ма, қан ба аққаны?)

О, Қария!  
Сүйенген балдағына.  
Шүкір айтып отсың ба, таңға мына!  
Реңіңнен байқадым, реніш бар,  
Бейбіт күнде туылған балдарыңа!

О, Қария!  
Отаным - жөргегім дер!  
Көрмесін деп тілейсің, көргенімді Ел!  
Көлік мінген ұрпағы, сапқа тұрып,  
Танка айдаған қартыма жол бөріңдер!

О, Қария!  
Құрмет көр, көрге кірмей.  
Батыр атың қалмасын, төрге ілінбей.  
Мың-миллион әшекей қастерлі емес,  
Төсіңдегі тот басқан орденіңдей!

О, Қария!  
Сыйлаған жеңісті елге!  
Қарсы тұрған намыспен, немістерге.  
Қайратыңды бойыңа жиып алып,  
Ұрпағыңды баулып кет, Ер істерге.

О, Қария!  
Жұртының жан мұңдасы!  
Азайып бара жатыр тағдырласың,  
Май айында Майдангер керек елге...  
Балдағыңды иесіз қалдырмашы.

Тлеген Әлі

## Ай-Ана

Желменен есіледі дала құмы,  
Талайды жалмап кеткен ажал-ұры.  
Құм кешіп Мырзайыр да бір бала жүр,  
Алысқа көз тігеді талап-ұлы.

Әкесі қан майданға аттанғалы,  
Өтуде сағыныспен балалығы.

Аумады дала құйын бақсыдан бек,  
Балаға үміт қана жақсы дәрмек.

Желмен ұшқан қағазға қуып жетіп,  
Оқиды әкем жазған хат шығар деп.

Соқты екен алқынумен неше жүрек,  
Әй, бірақ, бала үмітін кеседі көп.  
Сағынып дауысындай әлсіз қағаз,  
Шығады шопандардың есебі боп.

Ол ұлды тәлім беріп бақты анасы,  
Балаға ким-кешек, тапқан асы.  
Күрсініп байғұс шеше көп қарайды,  
Бұрылып сон-а-а-ау батыс жаққа басы.

Қиын күн, қашқандай ма құнды бақыт?!  
Жүр дейсің мұңлықтарды кім жұбатып?  
Ай сайын хабар айтып пошташы кеп,  
Кетеді бұл ауылды бір жылатып.

Қан майдан қанша жанға салды жара,  
Атқанда көкжиектен таң қызара...  
Күтеді үмітпенен есіл ерді,  
Қараша үй, жалғыз бала, жалғыз ана.

Соғыс бітті, жазылмас жан жарасы,  
Жеңіс жетті, бықте ер бағасы.  
Әкеден жалғыз қалған ұлды өсіріп,  
Құлатпай шаңырақты қалды анасы.

Келгенде сұм соғыстың сұсын көріп,  
Біктен абзал жанды түсірмелік.  
...Анаға тән ерліктің үлгісіндей,  
Оралды Ай-Анамыз мүсін болып.

Еділ Бекмұрат.

## Қазақия жасай берсін Мәңгілік!..

Тоғызыншы мамыр еді мол мұңды.  
Жауға тұрар тумар болып сес беріп.  
Күнтізбедең қызартасың сол күнді,  
Қанмен келген екендігін ескеріп.

Қазақ -батыр, жүрек жұтқан ел еді,  
Атың шығып, бар әлемге жетті үні.  
Тек жеңіспен жүргеніңнің себебі,  
Жеңілмейтін ұлдарыңның көптігі.

Әдет -ғұрпы, ардақталар келді кез,  
Қазақ -ұлтты, соған басты иіңдер.  
Тегің -түркі, көкбөрілік өр мінез  
Сөзің -түрпі, Бұқар айтқан түйіндер.

Бақтың құсы Байтерекке орнасын.  
Байыз тауып жаным сонда көз ілем.  
Көктің түсі байрағымдай болғасын,  
Аспан астын билетіңдей сезнем.

Елім -тыныш, жерім -ырыс шүкірмін!  
Дінім -Ислам, іргесі нық бүтінмін.  
Тіршілігің оңға басын бастымыс  
Басқалардың істеріне түкірдім!

Алға, жайна, өс, өркенде, жалында,  
Ұл -қыздарың көрінбесін аңғүдік.  
Тәңір тартқан тәуелсіздік таңында  
Қазақия жасай берсін Мәңгілік.

Райымбек Тузедов

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

### 60 жас

Қонарбаев Бекмағанбет Жұмағалиұлы, 12 маусым, ТСДЦ, ұңғыларды зерттеу операторы  
Өтесінов Құсайын Кемалұлы, 12 маусым, ҰБЖКЖД, 1-ші дәрежелі инженер  
Немышев Сәрсенбай Арунұлы, 15 маусым, САЖМТЖД, 3-ші дәрежелі баллон толтырушы  
Абилхатиев Болат Каликович, 17 маусым, ТКЕКЖҚОҚД, қызмет бастығы  
Тұяқов Қанат Ерсайынұлы, 27 маусым, ГӨДТЦ, газ жабдықтарын жөндеу және пайдалану жөніндегі слесарь  
Тәжиев Қарамырза Итемгенұлы, 29 маусым, ГӨДТЦ, технологиялық компрессор машинисі

### 55 жас

Қойшыбаева Сандуғаш Зултыхарқызы, 2 маусым, ӘМЖӘДД, санитар  
Епенова Айман Бисенқызы, 3 маусым, ЖСККУ, өндірістік және қызметтік жайларды жинастырушы  
Жарылғапова Ақкүміс Жұмақызы, 4 маусым, ТҮПЦ, кутуші

### 50 жас

Сатыбалдина Зина, 4 маусым, ТСДЦ, өндірістік және қызметтік жайларды жинастырушы  
Монтақова Жантөре Дойырбайқызы, 7 маусым, ТҮПЦ, 2-ші дәрежелі қазандық операторы  
Рысқұлбеков Қалдарбек Зайтбекұлы, 8 маусым, КҚД, ғимараттарды кешенді жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі жұмысшы  
Даулетбаева Айман Тельманқызы, 10 маусым, МДжАЦ, 3-ші дәрежелі сусыздандыру және тұзсыздандыру қондырғының операторы  
Баспаева Ақмарал Әлқуатқызы, 18 маусым, ӘМТ, шаруашылық меңгерушісі  
Нұрашева Хадия Демеуқызы, 20 маусым, МГӨЦ-1, 4-ші дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы  
Колесникова Лариса Юрьевна, 22 маусым, САЖМТЖД, 5-ші дәрежелі кран машинисі  
Косшығұлова Тойған Орынбасарқызы, 23 маусым, ӘМЖӘДД, аға медбике  
Оразмағанбетова Күлән Нұрмағанбетқызы, 30 маусым, МДжАЦ, 4-ші дәрежелі, тауар операторы  
Аманжанов Төлебай Исмағұлұлы, 28 маусым, ТКЕКЖҚОҚД, газтүтінінқорғау қызметінің мастері  
Қонарбаев Ералы Нұралиұлы 30 маусым, ПҚЖПЦ, 3-ші дәрежелі тазалаушы



### Мұнайлы Өлке

Меншік иесі:  
«Маңғыстау мұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: А.Ақшаева, Е.Қонақбаева,  
Ғ.Әбдісадық, Ж.Кемалова

Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:  
130000, Ақтау қаласы  
6 ш.а., № 1 үй,  
тел:  
211-736,  
212-194, 211-938.

Газет айына 1 рет  
шығады.  
Тегін таратылады

Газет ҚР  
Мәдениет және  
ақпарат  
министрлігінде  
есепке  
қойылып,  
№ 9675 - Г  
күәлігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы  
автор пікірі редакцияның  
кезқарасын білдірмейді  
■ Редакция оқырман хаттарына  
жауап бермейді және оны  
қайтармайды  
■ Жарияланған материалдарды  
сілтемесіз көшіріп басуға  
болмайды

Газет АҚ-ның  
жұртшылықпен  
байланыс тобы-  
ның компьюте-  
рінде төрліп,  
беттеледі.  
Индексі: 64265  
Таралымы: 1500

«CASPIY PRINT»  
ЖШС  
Баспаханасында  
басылды.  
Ақтау қаласы,  
22 ша.  
тел: 750750  
Талпырыс:  
2409